

## Халыққа құқықтық көмек көрсету - басты мақсатымыз

**Биылғы болашаққа бағдар, рухани жаңғыру атты Елбасы Жолдауымен Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталды. Қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыру қолға алынды.**

Мақсат айқын, бағыт белгілі, ол әлемдегі дамыған 30 ел қатарына қосылу.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Прокуратура қызметі әлемнің көшбасшы елдері талабына сай жаңғыртылып, жаңа заң қабылданды.

Прокуратура қызметі де жаңғырды. Басым бағыттар айқындалып, жұмыс тәсілдері жетілдірілді.

Мәселен түйін тарқамаған ең күрделі мәселенің бірі азаматтарды қабылдап, мұң-мұқтажын тыңдап, арыз-шағымын қарап, құқықтық көмек көрсету.

Республика бойынша прокурорлар жылына 50 мың адамды қабылдаған. Олардың арыз-шағымы сотқа дейін тергеп-тексеру, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық сот актілері, әлеуметтік сала мәселесімен байланысты.

Елбасы «адамдарды қабылдап, тыңдау керек, олардың талап-тілектері ұсақ болса да шешілуі тиіс» деп барлық мемлекеттік органдарға тапсырма берген.

Осы тапсырманы орындау үшін 21 шілдеде Бас прокуратура ғимаратында «Құқық қорғау қызметтер іорталығы» ашылып, азаматтарға ашық, жариялы түрде көмек көрсетіп, адам құқығын жедел түрде қорғау қолға алынды.

Басты мақсат адамдарды әуре-сарсаңға салмай мұң-мұқтажын бір жерден шешу үшін тиісті мемлекеттік және уәкілетті органдармен байланысып, заң шеңберінде олардың құқықтарын қорғау.

Келуші азаматтарды мамандар қарсы алып, олармен сөйлесіп, арыз-шағымдарын рәсімдеп, мәселенің байыбына бару үшін тиісті сала бойынша прокурорға жолдайды.

Прокурорлар азаматтардың мұң-мұқтажын мұқият тыңдап, заңды түсіндіріп, кеңестер беріп, қажетті органдармен телефон арқылы жедел байланысып, мейлінше қолма-қол көмек көрсетеді. Тиісті органдарға арыз жазу қажет болса адвокатқа жолдап, арыз тегін жазылып беріледі.

Прокурор арызды өзі қарауға міндетті болса жазбаша арызды өзінің өндірісіне қабылдайды.

Сонымен қатар, пробацялық қызмет, медиатор, нотариус, көмекшілік қызметкерлерге көмек, сот актілерін орындауға қатысты мәселелер бойынша тегін құқықтық көмек түрлері көрсетіледі.

2 айда Орталыққа 2552 адам келіп, оның 1436-сы жазбаша арызданған. Прокурорлар 1110 адамды қабылдаған, оның 384 сотқа дейінгі тергеп-тексеру, 149-ы әлеуметтік-экономикалық саладағы заң бұзушылыққа шағымданған, 380-і азаматтық, әкімшілік, атқарушылық өндіріс, 148-і қылмыстық істер бойынша сот актілерімен келіспеген, 49 адам басқа да мәселелер бойынша жүгінген.

616 адамға заң талабы түсіндірілген, 308 арыз қабылданған, төмен тұрған прокурорлар мен басқа да органдарға 160 арыз збақылаумен жолданған.

97 азаматқа электрондық цифрлық қолтаңбасы беріліп, оның көмегімен басқа мемлекеттік органдарға 76 электронды және 155 видео өтініштер жолданған.

Мұндай орталықтар Қызылорда және Ақтөбе облыстарында ашылып, халыққа қызмет көрсетуде. Жыл соңына дейін барлық облыстарда орталықтар ашу жоспарланып отыр.

Кейбір адамдар заңға да, сөзге де тоқтамайды. Олардың шаршағанына түсіністікпен қарап, жылы сөз бен көмек көрсету қажет. Орталықтың психолог-маманы 124 адамға осындай көмек көрсеткен.

Ережеге сай Орталық айына бір рет Бас Прокурор және оның орынбасарларымен азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді.

Орталық халыққа қызмет жасау үшін құрылған, сондықтан келем деушілерге есік ашық. Халыққа мейлінше қолма-қол көмек көрсету прокурордың міндеті.

**Е. ТҰРМАҒАМБЕТОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
аға көмекшісі

## Рухани жаңғыру-табысты ел болуымыздың кепілі

**Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат.**

Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық, рухани кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

2017 жылдың 18 қазанында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының ғылыми қызметкері, саясаткер, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы Асанғазы және Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының басшысы Гүлжан Ермашқызы Мендекинованың қатысуымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын ел арасында насихаттауға байланысты кездесу өткізілді. Кездесуге Академия басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы, сондай-ақ 1,2,3-курс курсанттары да қатысты.

Іс-шараның басында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, профессор, заң ғылымдарының кандидаты, полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов Академия тарихына, маңызды қағидаларына осы уақытқа дейін жеткен жетістіктеріне ерекше тоқтала кетті.

Бұл келелі кездесу бұрынғы кездесуден өзгеше екенін тіпті жиыңға жиналған көрермендердің көңілінен шыққанын айта кету қажет. Жасыратыны жоқ, кейде осындай салмақты, салиқалы бас қосуға жиналған кейбір қонақтар жиналған жұрттың көңілінен шыға алмай, тақырыптарын аша алмай, тіпті өздері не айтып отырғандарын өздері білмей, дүбара

жиналыс өткізетіндерін көзіміз көріп жүр. Ал бүгінгі Оразкүл апамыздың орақ тілді ауызынан шыққан отты сөздері мен терең мағыналы ойлары жиналған жастарымызға салмақты ой салды. Бұлай дейтін себебім, Оразкүл Асанғазықызы кездесу барысында қазақ ұлтын, оның діні мен ділін және тілін дамыту туралы Елбасымыздың мақаласын мысалға келтіре отырып, халыққа әдемі қалпында жеткізе білді. Елбасымыздың ұлт үшін жанын қиятындығын, заман талабына сай елдің ауызбіршілігін сақтай отырып, көштен қалмай дамуға бағыт сілтейтінін айтып өтті.

Оразкүл Асанғазықызы қоғамда болып жатқан әртүрлі жағдайлар мен өзекті мәселелерге бей-жай қарай алмайтынын айтып, жаһандану жағдайында ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды қалай сақтап қалу керек, міне, осы тарапта намысты қайрап, ұлтжандылыққа үндейтін ойларын ортаға салды. «Жалпы Елбасымыздың бұл мақаласы ұлттық тіліміз – қазақ тілінің өз тұғырына орналасуына жол береді, қазақ халқының ұлт болып қалу көрсеткіші – қазақ тілінде. Кез келген мемлекеттік қызметкер, елін сүйгіш адам қазақ тілін білуі керек. Себебі, қазақ тілі – мемлекетіміздегі үш тілдің бірі емес, қазақ тілі – ең маңызды, ең негізгі тіл болып табылады. Адам білімінің көрсеткіші де – өз тілін білу мен жетік меңгеруінде. Экономикасы, саясаты және әлеуметтік жағдайы дамыған 30 елдің қатарына қасиетті ұлттық тіліміз арқылы кіруіміз қажет. Қазақстанда «қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жазылғанына жиырма жылдан асса да, мемлекеттік басқару органдарындағы азаматтар осылай деп нақты айта алмауымызға жол беріп отыр.

Мысалы, біздің қоғам, қарапайым ортадағы азаматтар тілге ден қойып, балаларын қазақша оқытуға тырысып, қазақшасөйлеп жатқанымен, басқару ісіндегі жағдай бері қарамай тұр. Мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласында өз деңгейіне жеткен жоқ. Сондықтан да, қазақтың өзі толық өз тіліне ие болмайынша, әлгіндей теріс пікірлер айтыла береді. Бұл – қазақтың намысына байланысты мәселе. Қазақтың намысы оянбаса, әлгіндей адамдардың өз мемлекетіне деген азаматтық мәдениеті қалыптаспайды. Олар мемлекеттік тілді білу саналы азаматтың адами міндеті екендігін ұғынғысы да келмейді. Тіл мәдениеттің де, білімнің де негізі екендігін ең алдымен өз жастарымыз ұққаны жөн. Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, Гарвард университетін отыз жылдан астам басқарған Чарльз У.Эллиот: «Мен білімділіктің маңызды бөлігі ретінде зияткерліктің бір ғана қажеттілігін мойындаймын, ол – ана тілін айқын әрі мүлтіксіз меңгеру» депті. Әлемге әйгілі оқу орнын басқарған білімді де, білікті адамның сөздері бүгіндері сол Гарвардта, Батыстың басқа да оқу орындарында білім алып келген немесе білім алып жатқан, бірақ



өзінің ана тілін білмейтін жастарымызға өнеге болса игі деймін. Сонда басқалары да тілімізге құрметпен қарайтын болады» - деді тіл жанашыры.

Міне, қаншама көкейкесті, қазақ рухты көтеретін адами құндылықтар жайлы өзекті мәселелер айтылды. Оқытушылар құрамы мен курсанттар тарапынан қонақтарымызға жаһандану, адам санасының жаңғыруы жайлы көптеген сұрақтар қойылды. Бұл кездесуден түйген түйініміз, парасатты, ақылы биік, көкірегі ояу, көзі ашық, білімді, Отансүйгіш, намысшыл, ұлтжанды азамат болу және ұлттық құндылықтарымызды сақтай білу үшін ең алдымен, өз тіліңді құрметтеп, ана тілінде еркін сөйлей білу қажет. Себебі, ұлттық қасиетіміз – ана тілінде.

Кездесуден кейін тарихы тереңде жатқан оқу орнымызды толығырақ танып білу үшін қонақтарымыз Академия мұражайына барып, оқу орнымызға атағы берілген қазақтан шыққан тұңғыш Қазақ КСР Ішкі істер министрі, милиция генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың өмірбаянымен танысты.

Қорытындылай келе, сөз соңында «... Өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дөуір түйіскен өліра шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің тенеңдесіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр» деген Елбасы мақаласының қорытынды сөздері шынымен ерекше әсер қалдырғанын айтқымыз келеді. Рухани жаңғыру арқылы тұғыры биік, болашағына сенімді, барша әлем мойындар табысты ел болуға ұмтылайық ағайын!

Оразкүл апамыздың кездесуінен кейін көпшілігі рухани байып, намыстары жігерленіп, ұлтқа деген сүйіспеншіліктері оянып қалғандарын біз тілшілер қырағы байқап қалдық. Кездесуде көптеген оялар, қазақ ұлтының ұлт боп қалыптасуы туралы, әсіресе қыз-келіншектерге деген орынды ой-толғамдар, тәрбиелі қанатты сөздер мен өмірде болып жатқан келеңсіз әрекеттер туралы оялар айтылды. Тіпті өмірі жұмған ауызын ашпайтын курсанттар да ояларында жүрген срақтарын айтып, оған тұщымды жауаптар алып бір марқайып қалды.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
**Э. КАНАТЧИНА,**  
Академияның баспасөз қызметі

## Ұрлықтың алдын алуға арналған басқосу

**Жылу беру кезеңі қарсанында Қостанай көлік прокуратурасы ұрлыққа, оның ішінде көмір ұлығына қарсы әрекет ету бойынша дөңгелек үстел өткізді.**

Атап айтқанда, 2017 жылғы 17 қазанда Қостанай көлік прокуратурасының төрағалығымен Бас көлік прокуратурасы мен Бас покуратурасының «Ұрлықтарға жоқ», «Жүктің сақталуы» жобасын іске асыру бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге Қостанай станциясындағы ІІЖБ, «ЖТ - Қостанай жол бөлімшесі» - «ҚТЖ-«ҚТЖ-ҰК» - АҚ филиалы, «Қостанай магистральдық желі» - «ҚТЖ-ҰК» АҚ филиалы» «ӨТЖК» АҚ филиалы басшылығы мен орынбасарлары қатысты. Бұдан басқа, қойылған мақсаттар мен жобаларға көмірді жеткізу және іске асырумен айналысатын, яғни, «Соколов-Сарыбай кең байыту комбинаты» АҚ, «Қостанай көмір компаниясы» ЖШС-нің ірі және орта бизнес өкілдері шақырылды.

Атқарған жұмыс қорытындысы бойынша жылжымалы құрамнан

көмірді ұрлауды жібермеуге бағытталған бірқатар профилактикалық және ескерту бойынша келесі іс-шаралар қабылданды:

-кірме жолдарынан келіп түсетін жүк поездарды өлшеу үшін барлық тиеу станцияларын станциондық кешенді құрылғылармен жабдықтау;

- темір жол, бизнес және күзет құрылымы жұмыскерлері арасында көмірді ұрлауды ескерту туралы профилактикалық сипатындағы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Дөңгелек үстелдің екінші мәселесі болып қадағалау аумағында жылжымалы құрамнан жүкті ұрлауға

бағытталған қажетті шаралар қаралды.

Іс-шара соңында Қостанай облысында «Көлік қызметі орталығын» жіберу бойынша жалпы өзара іс-қимыл жасасуы талқыланды, оның мақсаты жеке және заңды тұлғалардың «Бірегей терезе» принципі бойынша кешенді қызмет көрсету болып табылады.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Қостанай көлік прокуратурасы «Прокуратура туралы» жаңа заңының новелласы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Қостанай станциясындағы ІІЖБ**

## Мәдениет қайраткерімен кездесу



**Театр – нағыз өнердің киелі де, рухани ордасы. Сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі, ойын-сауық немесе спектакль, түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын.**

Міне, жақында осындай өнер ордасының бір мүшесі, Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрының әртісі, 2003 жылдан бері осы театрда жұмыс істеп келген, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері –Иманов Қабдол-Мәжит Сүндетұлы ҚР Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Мәдениет университетінің кестесіне сай 1,2-курс курсанттарына дәріс өткізді. Дәріс барысында театр қызметкері курсанттарға өзінің басынан кешірген қызықты оқиғалары, қызыққа толы студенттік өмірі жайлы айтып берді. Театр жолында 35 жылдан артық еңбек етіп келе жатқанын, сондай-ақ театр әртісі болуды бала кезінен армандағанын, еңбек жолында түрлі сомдаған сахналық рөлдері жайлы, жалпы халықтың, сонымен қатар қазіргі жастардың

театрға, өнерге деген көзқарасы жайлы пікірмен ой бөлісті. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» атты үндеуі жайлы да айтып кетті.

Жоғарыда айтып кеткен студенттік өміріне келетін болсақ, мәдениет ошағының қызметкері студенттік жылдарын Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткізген болатын. Мұнымен қоса, актердің отбасысы да театр өміріне жақын екенін білдік. Курсанттар қызығушылық танытып, әртістің шығармашылық қызметі жылдарында неше рөл сомдағанын, қандай атақты спектакльдерде ойнағаны жайлы сұрақтар қойды. Жалпы, мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрының әртісі «Ахмет Байтұрсынұлы», «Хан Кене» т.б. атақты да танымал спектакльдерде рөл сомдаған екен.

«Оңай рөл болмайды. Кез келген рөлді алғаннан кейін, сөзін жаттау өз алдына, кейіпкердің мінездемесін іздеп, жүріс-тұрысын, киім киісін зерттеп, тарихымен танысқаннан кейін ғана барып сахнаға шыға аласың», – деп театр өнерінің ауыртпашылықтарын да атап өтті.

Сондай-ақ, жуырда «Шырақбек Қабылбаев» пьесасы жазылып аяқталғанын және жақын арада спектакль қойылу жоспарланып жатқанын жасырмады. Курсанттардың белсенді өмірлік ұстанымын, жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, әдебиет, өнер, ғылым саласындағы білімдері мен жетістіктерін жетілдіруді мақсат еткен Мәдениет университеті ұйымдастырған кездесу өте жақсы өтті деуге болады. Кездесу соңында мәдениет ошағының қызметкері Мұқағали Мақатаевтың «Арманда» атты өлеңін оқып беріп, курсанттарға ізгі тілектерін білдірді.

**Э. КАНАТЧИНА,**  
*Академия Курсанттар*  
*баспасөз қызметінің мүшесі*

## Тоғыз айдың жұмысы қорытындыланды

**Қостанай облысының судьялары 2017 жылдың 9 айындағы сот төрелігін жүзеге асыру сапасын қорытындылады.**

Қостанай облыстық сотында 2017 жылдың тоғыз айындағы сот төрелігін жүзеге асыруды қорытындылау бойынша кеңейтілген жиналыс өтті.

Жиналыс жұмысын ашқан Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев облыс соттарында сот төрелігін жүзеге асыру барысындағы негізгі мәселелерге тоқталып өтті.

Облыстық соттың алқа төрағалары А.Шамшиев пен В.Долгих қаралып отырған аралықтағы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің сапасы туралы мәліметтерді келтірді.

Жиын барысында статистикалық көрсеткіштер айтылып, сот төрелігін жүзеге асыру барысында назар аударылуы керек тұстар талқыланды.

Сонымен, 2017 жылдың 9 айында облыс соттарына 4164 қылмыстық іс түсіп, барлығы 3 894 қылмыстық іс қаралған, 7 іс бойынша алқабилердің қатысуымен үкім шығарылған. Жыл басынан 50 адамға қатысты ақтау үкімдері шығарылған.

Іс-шара барысында жеке шағымдарды қабылдау және қарау бойынша көрсеткіштің артқаны айтылды. Бұл тұрғыда бітімгершілікке келтіру рәсімдерін кеңінен қолданудың нәтижесінде облыста 1996 іс тоқтатылған, оның ішінде, тараптардың татуласуымен 690 іс, медиатордың қатысуымен 502 іс қаралған.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы А.Шамшиев судьяларды сот төрелігін жүзеге асырудың сапасына, жаза тағайындауда ортақ құқықтық тәжірибені басшылыққа алуына және қылмысты дұрыс саралауға көңіл бөлуге шақырды.

Азаматтық істерге келетін болсақ, осы мерзімде облыс соттарының қарауында 47329 азаматтық іс болып, оның ішінде 6362 іс оңайлатылған сот ісін жүргізу тәртібінде қаралған. Шешім шығарумен 16720 іс, сот бұйрығын шығарумен 25590 іс аяқталған.

Бұрынғыша, сот дауын шешуде медиативтік рәсімдерді қолдану бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Жыл басынан бітімгершілік келісіммен 293 іс, медиация тәртібімен 1397 іс, партисипативтік келісіммен 18 іс аяқталған.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы В.Долгих бүгінгі күні онлайн режимде тәулік бойы өзекті сот ақпаратын жинау мен талдауға мүмкіндік беретін соттар қызметіне мониторинг жүргізудің бірыңғай жүйесі Ахуалдық орталықтың жұмыс істейтініне тоқталды. Осыған орай, В.Долгих сот төрағаларына сот отырыстарында дыбыс-бейне жазбасының дұрыс жұмыс істеуін үнемі бақылауда ұстауы керектігін ескертті.

Есептік мерзім ішінде облыс соттарына 17 600 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түсіп, қаулы шығарумен 16778 іс қаралған.

Облыс соттарының материалдық-техникалық жабдықтауы туралы Соттар әкімшісінің басшысы Әбдіжәми Құлдүйсенов баяндады. Бүгінде облыстағы барлық судьялардың жеке жұмыс компьютеріне «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйе орналастырылған және ол онлайн режимінде жаңарып отырады. Сонымен қатар, «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы «Талдау» формасына судьялардың қолжетімділігі қамтамасыз етілген.

Жиналысты қорытындылаған А. Мерғалиев облыс соттарының жұмысындағы басымды тұстарға тоқталып, әріптестеріне заңдылықты сақтауда және күнделікті жұмыста қабылданатын шешімдердің негізді болуына қатысты талаптар қойды.

**Қостанай облыстық сотының**  
*баспасөз қызметі*

## Жұбайын соққыға жыққан...

**Қостанайда өзінің бұрынғы жұбайын соққыға шыққан экс-полиция қызметкері сотталды.**

Осы өткен сейсенбіде, 24 қазанда Қостанай қаласының №2 соты жұбайына қасақана орташа ауыр дене жарақатын салғаны үшін ішкі істер органдарынан жұмыстан шығарылған бұрынғы полиция қызметкері Д-ға қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін шығарды.

Іс материалдары бойынша, ағымдағы жылдың 16 шілдесінде сағат 18.00 шамасында Д. қызымен кездесу үшін Қостанайдағы Строительный көшесінің бойындағы тұрғын үйлердің біріне келеді. Бұрынғы жұбайымен кездескен Д. қайта қосылуды ұсынады. Алайда жұбайының үзілді-кесілді қарсылығын естіген жігітте оған қастандық жасау ойы туындайды. Арам ойын жүзеге асырмақ болған Д. кішкентай қыз баласын таныстарының үйіне апарып тастайды.

Бұрынғы жұбайы А-ның қарсылығына қарамаған сотталушы Федоров тас жолымен қала сыртына шығып, жұбайын көлік ішінде жұдырық астына алып, соққыға жыққан.

Сот үкімімен Д. ҚР ҚК 107-бабы 1-бөлігі бойынша айыпты деп танылып, оған бір жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Сонымен қатар, сотталушыны 240 сағаттық қоғамдық жұмысқа тартылды.

ҚР ҚК 49-бабы негізінде Д. полиция капитаны арнайы шенінен айырылды.

Жебірленуші А. пайдасына сотталушыдан 250 мың теңге материалдық, 450 мың теңге моральдық залал өндірілді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**Қостанай облыстық**  
*сотының баспасөз қызметі*

## Алкоголь мен темекі тартудың зияны көп

**2017 жылғы 19 қазанда Қостанай стпциясындағы ІІЖБ ӘПБ ЮПТ-ның аға учаскелік инспекторы Э.Б. Нарбасова Қостанай қаласы ІІБ ЖПҚ ЮПТ-ның мектеп инспекторы полиция капитаны Д.Д. Ерназаровамен бірге Қостанай қаласының № 8 орта мектебінің 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді.**

Дөңгелек үстел отырысы барысында оқушыларға алкоголь мен табак бұйымдарының зияны, 18 жасқа толмағандардың қоғамдық орындарына мас күйінде жүргені үшін әкімшілік жауапкершілігі, сондай-ақ, жеке қоғамдық орындарында темекі



тартқаны үшін жауапкершілігі туралы айтып берді, олар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған.

Сондай-ақ, дөңгелек үстел өткізу барысында балаларға алкоголь мен темекі тарту адам ағзасына зиян келтіру туралы бейнероликтер көрсетілді.

Салауатты өмір салты – ол алкоголь мен темекі тартуға бейім болуына түспеудің ең басты ережесі. Адам жан-жақты өмір сүру қажет. Күн сайын спортпен шұғылданып, өз өмірін мәдени шаралармен жиі байытып отыру керек.

**Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ ЮПТ**

## Бүгінгінің баласы – ертеңгінің атасы

**Біздің қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғылары көнеден келе жатқан асыл қазынамыз. Оны келер ұрпаққа жалғастыру біздің міндетіміз.**

Ата-бабамыздың, ұлтымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қасиетін бойына сіңірген, ұлттық намысы бар, ары таза жастар тәрбиелеу, халық өнегесін үйрету, нақыл сөздерінің мәнін ұғындыру, эстетикалық талғаммен ұштасу мақсатында, арнайы алғашқы оқыту курсының 1, 2, 3, 4-взвод тағылымдамашыларымен 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Оқу орталығының (Қостанай қаласы) взвод жетекшілері: Евдокименко Виталий Николаевич, Ілияс Бауыржан Оразбайұлы, Медібаева Алмагүл Оралбайқызымен бірге Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы Ілияс Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрына «Қызыл алма» (комедия) спектаклін көруге барды.

Өзбек драматургі Еркін Құшауқовтың бұл пьесасы, ауыл қызының тұрмыс құрар кездегі алғашқы ұлттық салт-дәстүрді сақтап, өзінің болашақ тағдырын шешудегі әрекетін суреттейтін «комедиялық жанр» болып табылады. Қойылым өзінің күлкі оқиғасымен көрерменге қызықты және қоғамдық тәрбиесімен маңызды болды.

Рөлдерде: Құрбан апа - Мүсілова Шара, Раушана – Бірмағамбетова Айым, Аббас - Бегайдаров Олжас, Саидабану – Бегайдарова Зәмзәгүл ойнады. Өз рөлдерін жақсы сомдап шықты. Қоюшы режиссер – Ақанов Әділет. Бұл спектакльдің астарына көбірек көңіл бөле қарасақ, халықтық тәрбиенің үлгілі өнегесін көрер едік: үлкенді сыйлау, құрметтеу, үлкен кісінің алдынан қия өтпеу, оған сәлем беру, төрден орын беріп құрметтеу, көңіліне қарау, мақсаткерлікті, ақылдылықты, борыш пен жауапкершілікті, ар-ұятты, мейірімділік пен ізгілікті, адалдық пен шыншылықты, достықты.

«Қызыл алма» (комедия) спектаклі тағылымдамашыларға қатты ұнады. Тағылымдамашылар Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрының ұжымына алғыстарын білдірді. Оқу орталығына тағылымдамашылар жақсы көңіл күймен қайтты.

Ата-баба дәстүрін ұмытпайық,  
Ұл, қызымыз салтымызға болсын лайық.  
Болашағы еліміз жарқын болсын,  
Ұрпағы бүгінгінің бас қосайық.

**Мереке ҒАЛИЕВА,**  
*ҚР ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.)*  
*Криминалистика және*  
*арнайы техника*  
*цикльының бастығы*